



Ақмешіт

19 қараша
сенбі

№92 (1896)

2022 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



THE WALL STREET JOURNAL.

ПОЛЬШАҒА ЗЫМЫРАН АТҚАН КІМ?

Польшаның Украина шекарасынан 8 шақырым жеріне екі зымыран соққысы тиді. Варшава зымыранның кімдікі екені туралы деректер жоқ екенін, бірақ Ресейдің Украина инфрақұрылымына соққылары «күні бойы жалғасқанын» мәлімдеді. Алайда АҚШ Ресейдің зымыраны екеніне күмәнмен қарап отыр. Оқиғаға байланысты «The Wall Street Journal» басылымында Вивин Саламан «Байден Киевтің «Польшаға зымыранды Ресей ұшырды» деген мәлімдемесін жоққа шығарды» атты мақала жазды.



Бейсенбі күні түнде «Ақ үйдегі» теңіз жаю әскерінен шыққан соң Байденге Зеленскийдің зымыран украиндық емес екенін айтқаны ескерілді. Сейсенбі күні зымыран қалағаннан кейін көп ұзамай Зеленский «Ресей зымырандары Польшаға тиді» деп мәлімдеген еді. Украина президенті мәлімдемесіне Джо Байден «Бұл дәлелденген жоқ» деп жауап берді.

Бұған байланысты Зеленский оның әскерлері Польшаға құлаған зымыранның ресейлік екенін хабарлағанын айтты. Сондай-ақ ол егер украиндық зымыран екені дәлелденсе кешірім сұрайтынын айтты.

Сейсенбі күні Польшаға жасалған соққыдан кейін Солтүстік Атлантикалық Шарт Ұйымына НАТО-ның жоғары лауазымды шенеуніктері зымыранның Украинаның әуе қорғанысы жүйесі атқылаған кенестік қару болуы мүмкін екенін айтып, бірақ оның Польшаға әдейі бағытталғанына ешқандай дәлел жоқ екенін мәлімдеді.

Зерттеу әлі де жүргізіліп жатқанымен оқиға НАТО мүшелерінің ұжымдық қорғаныс пактінің 5-бабының бұзылуына әкелуі мүмкін деген қорқынышты азайтты. Байден Польша президенті Анджеј Дудамен, Польшаға тергеу жүргізуге көмектесуге уәде берді. Сарсенбіде Ақ үй өз мәлімдемесінде: «Поляк шенеуніктерінің зымыранды Украина атқаны туралы бастапқы тұжырымын жоққа шығаратын ешқандай дәлел жоқ, бірақ «бұл қайғылы оқиғаға түпкілікті түрде Ресей жауапты» деп атап өтті. Мәлімдемеден сондай-ақ «Украинаның өзін-өзі қорғауға толық құқығы болды және әлі де бар», – делінген.

Бейсенбі күні Польша президенті кеңесінің мемлекеттік хатшысы Павел Солох: «Зымыран Ресейден ұшырылмағаны Польша мен бүкіл Еуропа үшін жақсы болар еді, өйткені Еуропаға жауапты соққы жасауға тура келеді», – деп ескертті. Ол сонымен қатар Украина поляк тергеуіне қатысуы екіталай екенін, алайда өз үлесін қоса алатынын айтты.

4 БЕТТЕ

ТОЛҒАНДЫРҒАН ТАҚЫРЫП

Жыл сайын білім беру үдерісі жаңару үстінде. Яғни білім саласындағы жаңа жобалар заман талабы екенін айқындай түседі. Жақында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілді. Соған сәйкес, алдағы уақытта білім беру саласы цифрландыруға бағыт алады. Атап айтқанда, ұстаздар мен оқушылардың жеке мәліметтері енгізілген цифрлы портфолиосы әзірленеді. Ал аттестаттар мен дипломдар QR-код арқылы цифрлы форматта беріледі. Оқулықтар электронды форматта болады. Осылайша оқушылардың ауыр сөмкесі планшетке ауыстырылуы мүмкін.

АУЫР СӨМКЕ, ЖЕҢІЛ ПЛАНШЕТ немесе жаңа бастама кітаптан бас тартқызбай ма?



Бұл мәселе қоғамда кеңінен тарағаны белгілі. Соңғы уақытта оқушылардың ауыр сөмке арқалайтыны, оның денсаулыққа зиян екені жиі айтылды. Осы мәселені шешу жолдарын қарастыру қажет екені де жазылып жүрді. Бүгінде оның шешімі табылғандай. Цифрлық даму, инновациялар және аэро-ғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин 1-сынып оқушыларына планшет беруді ұсынды. Министрдің айтуынша, мұндай әдіс бірқатар дамыған елдерде, оның ішінде Ұлыбритания, Норвегия, Оңтүстік Корея және Түркия мектептерінде жақсы нәтиже көрсеткен. Сонымен қатар бұл оқушылар үшін шығармашылық пәндер бойынша өз контентін жасауға мүмкіндік береді.

Оқу-ағарту министрлігінің мәліметіне сүйенсек, электронды планшеттер оқушылардың оқуына қосымша мүмкіндіктер береді. Сондай-ақ мектеп сөмкесінің салмағын жеңілдетеді. Яғни кішкентай балалар ауыр сөке көтеріп жүрмесе де болады.

Планшеттердің көмегімен балалар цифрлы сабақтарға, жаттығулар мен тапсырмаларға қосымша қол жеткізе алады. Интернеті нашар өңірлер үшін жүктелген цифрлы сабақтарды, тапсырмаларды, білім беру ресурстары және оқулықтарды офлайн пайдалану мүмкіндігі болады. Егер қандай да бір себептермен бала планшеттерді қолданғысы келмесе, онда ол әдеттегідей дәстүрлі оқулықтарды және стационарлық құрылғылардан білім беру ресурстарына қол жеткізе алады. Яғни планшеттер оқулықтарды алмастырмайды, бұл – оқудың қосымша ресурсы. Таңдау ата-аналар мен оқушылардың еңісінде болады, – деді оқу-ағарту вице-министрі Айбат Лиясов.

3 БЕТТЕ

СҮЙІНШІ!

АВТОБУСТАР ТАҒЫ ДА КӨБЕЙДІ



Көптің көкейіндегі мәселенің бірі қоғамдық көлік екені рас. Себебі маршрут мәселесі күн тәртібінен түскен емес.

Қоғамдық көлік мәселесін шешу және халық сұранысына сай қызмет сапасын арттыру мақсатында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Қызылорда Автобус паркіне» қосымша үлкен сыйымдылықтағы заманауи автобустар алдыру жөнінде тапсырма берген болатын.

«Қызылорда Автобус паркі» ЖШС жарғылық капиталын ұлғайту мақсатында «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы лизингке 150 автобус алуды көздеген. Соның нәтижесінде қаламыздағы қоғамдық көлік қатары жаңа автобустармен толығуда. Жақында үлкен сыйымдылықтағы автобустар қатары 42 көлікпен толықты.

Тұрғындарды қуанышты сәтпен қала әкімі Асылбек Шөменов құттықтады. Шаһар башысы қоғамдық көліктер қызылордалықтардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған маңызды қадам екенін атап өтті.

Қала тұрғындарының қоғамдық көлікке деген сұранысын қанағаттандыру және көлік қатынасын дамыту ешқашан назардан түскен емес. Республика күні қарсаңында 40 автобус қала-ішілік бағыттарға қосылса, бүгін қала тынысына серіні берген, экологиялық таза, ең бастысы мүгедектігі бар азаматтарға қолайлы автобустардың екінші легі, яғни 42 данасы келіп, игі іс жалғасын тауып отыр. Соңғы үлгідегі заманауи автобустар жанадан қосылған №19 және №20 бағыттар бойынша жолаушыларды тасымалдайтын болады. Жыл соңына дейін қалған автобустар әкелініп, жолаушылар тасымалы қызметінің сапасын арттыру мақсатында қолға алынған жоба нақты жемісін береді, – деді қала әкімі.

А.АЙТЖАН

МИНЕ, ЖАҒАЛЫҚ!

МЕКТЕП ЖЫЛЫЖАЙЫНДАҒЫ БАНАН

Қызылорда қаласындағы М.Дүйсенов атындағы №15 мектеп-лицей жылыжайында банан өсірілуде. Өсімдікті мектептің биология пәнінің мұғалімі Күміскүл Серекеева мен 5 сынып оқушысы Айару Дарышхан жоба қорғау мақсатында ескен.

– Мектеп жанында жылыжай болғандықтан жалпы Қазақстан үшін ерекше жемісті тәжірибе мақсатында егін көргіміз келді. Бүгінде нәтиже де жоқ. «Біздің аймақта банан өсіруге бола ма?» деген тақырыпта жоба қорғап, өсіруге болатынын дәлелдеп шықтық. Қазіргі кезде біз ескен өсімдіктің биіктігі 1 метрге жетті. Алдағы уақытта жемісін алу, көбейту тәжірибелерін жасап көреміз. Жалпы банан өсіру үшін су, қолайлы температура мен жарық қажет, – дейді мектеп мұғалімі Күміскүл Дүйсенқызы.

Жетекшінің оқушымен бірге «Экологиялық апат аймағы жағдайында мектеп жанындағы жылыжайда банан өсірудің ерекшеліктері» тақырыбында жобасы «Зерде» республикалық ғылыми жобалар конкурсының қалалық кезеңінде жүлделі III орынды жеңіп алды. Жоба авторлары зерттеу арқылы жылыжайда бананды өсіруге оның тиімді жолдарын және өсірудің негізгі ерекшеліктерін, қалыптасуы мен жеміс беруді қамтамасыз ету үшін қандай агро-биологиялық жағдайлар қажет екенін зерттеп, банан өсіру жолдарын ұсынды.

Мұғалімнің айтуынша, бір түп банан 300 данаға дейін жеміс беруі мүмкін екен. Егер жоба ойдағыдай жалғаса, мектеп жылыжайында өсіп жатқан бананнан 1,5-2 жылда жеміс алуға мүмкіндік бар.

А.НҰРАЗҒАЛИ



МӘСЕЛЕ



АШУШАҢ БАЛА: СЕБЕП ПЕН САЛДАР

Ақгүлдің бастауыш сыныпқа сабақ бергеніне де 30 жылдан асты. Осы жылдар ішінде талай баланы көрді. Бір сыныптың ішінде 20 бала болса, 20 түрлі әлеммен тіл табысу тәжірибелі мұғалім үшін соншалықты қиын емес. Алайда соңғы жылдары өзге әріптестері үлгі тұтатын, кеңес сұрайтын Ақгүл апайдың да балалармен тіл табысу қиынға соғып, шаршап жүргенін жасырмайды. Себебі кейінгі кезде ашушаң балалар қатары көбейді. Ескерту айтса, қаламын лақтырып, тіпті жазу жазбай бөзеріп отырып алатын бала көп. Мұғалім ата-анаға айтса, ата-ана бұл мәселенің шешімін табуды мұғалімге итеріп әлек. Енді қайтпек керек?..

Бұл бір ғана мұғалімнің уайымы ғана емес, қоғамдағы көкейкесті мәселе десек артық болмас. Шынында, бүгінде ашушаң бала көбейіп барады. Айтқанынан қайтпайтын, ойындағысы болмаса ашудан көгеріп, өсе келе қатгездік жасаудан да қорықпайтын көріністер қалыпты жағдайға айналып барады. Көп ата-ана бұған «бала гой, өскен соң қояды» деп немқұрайдылық танытудың соңы күрделі мәселеге айналуға. Себебі ашушаң баланың мінезі өсе келе қиындай түсіп, үйінен қашып кету, ортадан оқшаулану, тіпті суицидке дейін жетіп отырғаны жасырын емес. Демек, ашушаң бала қалыпты жағдай емес деген сөз.

2 БЕТТЕ

Баспасөз-2023

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?

Баспасөзге 2023 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүрде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төрінде тұрсын!
Жекелер үшін 6 айға – 2500 теңге, мекемелер үшін – 3500 теңге.
Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.

Әлем дабыл қағуда

Жүйкесі жұқарған бала. Әрине, жақсы анықтама емес. Адам өмірінің тап-таза алаңсыз шағында жүйкеге салмақ түсетіндей не мәселе бар? Бұл сұрақ ата-ананы да алаңдатыны рас. Осы орайда психолог-мамандардың пікіріне құлақ асқанды жөн көрдік. Білікті балалар психологы Жұмағұл Баянованы да бұл жағдай алаңдатады.

– Қазір балалардан баяғы алаңсыз балалық, анадан маза кеткен. Бұл бізді ғана емес бүкіл әлемді толғандырған мәселе болып отыр. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, дүниежүзі бойынша балалардың 5 пайызында невроздың бар екенін айтып дабыл қағуда. Бұл бүкіл әлемге шақсақ та үлкен сан. Демек, неврологиялық реакциясы келе-келе неврологиялық күйге алмасады, одан кейін ұлтымызда невроз ұрпақтар көбейді дегенге саяды. Ол деп отырғанымыз келер ұрпақ көңіл-күйі тұрақсыз, қорқынышы басым, ұйқысы, тәбеті мен зейіні нашар болады деген сөз. Әлемдік психикалық сала мамандары қазір зерттеулер жасай бастады. Демек, бұл мәселеге бейкам емеспіз, – дейді балалар психологы.

Психологтың айтуынша, ашушаң, мазасыз баланың жүйке жүйесі де әлсіз. Жалпы жүйке неге әлсіз? Маман оған әсер ететін фактордың жеткілікті екенін алға тартады. Психолог бұл орайда бірнеше факторларды атап айтты. Мәселен, жүкті әйелдің күйзелісі, босану кезіндегі қиындықтары да балаға әсер етпей қоймайды. Сонымен қатар экологиялық аймақтың да кері әсері бар. Отбасылық факторлар, яғни жүкті әйелдің отбасының атмосферасы. Тағы бір айта кетерлігі, бұдан генетика да әсер етеді. Баланың жүйке жүйесінің қозуы, тежелуі, ікемділігі мұның бәрі тұқым қуалайды. Сондай-ақ бала денсаулығының нашарлығы да жүйкеге салмақ түсіреді.

– Баланың жас кризистері – баланың психологиялық дамуының бір бөлігі. Бала жасының кризисі өмірдің бір сатысынан екінші бір сатысына ауысуы. Осы кезде баланың күтпеген жағдайлар байқауы мүмкін. Нақтырақ айтсақ, мінез-құлық күрт өзгеруі және көп жағдайда жаман жағына өзгеруі мүмкін. Ал ата-ана

балалар мен жасөспірімдердің өзіне пайдалы ақпаратты ғана көруге үйрететін бір жоба жүзеге асуы керетін айтқанды. Бір сөзбен айтқанда, медиа сауатын арттыру қажет.

– Баланы пайдалы ақпарат алуға бала кезден үйрету қажет. Мәселен, балабақшадан бастап ұлттық құндылықтарды

біздің балаларымызға деген пассивті агрессиямыз, яғни пассивті түрде жазалап тұрмыз. Бұл әрекеттерден бала болашақта қандай нәтиже беретінін біле жүріңіз:

– ылғи жарысып өмір сүреді;

– біреуден озбаса өзін бақытсыз сезінеді, содан өзін-өзі бағалауы төмендейді;

Бір сөзбен айтқанда, баланы «қуып жету, басып озу» сценариймен өмір сүруге бейімдейміз. Ал бұл баланың үнемі мазасыздануына, ашушаң болуына әкеледі.

Мінез немесе Мағжан «Педагогикасы»

Кейде адамның теріс мінезін байқап қалсақ, «мінезі жаман» деп бір сөзбен баға бере салатынымыз шындық. Тіпті ата-ананың өзін-өзі ақтап алуы үшін «баланы туғанмен, мінезін туған жоқпын» деген сөзін де жиі естиміз. Жалпы мінез өзгер ме? Осы орайда ұлы Абайдың «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» деген сөзі еріксіз ойға оралады. Ал бала тәрбиесі туралы жазған Мағжан Жұмабаев «Педагогика» еңбегінде мінез туралы былай дейді: «Мінез адамның жаратылысына қарай тұра береді және бұл мінезді өзгерту үшін адамның мінезін өзгерту керек» деген сөзін қайталаймыз. Мінез адамның мінезін өзгерту үшін адамның мінезін өзгерту керек» деген сөзін қайталаймыз. Мінез адамның мінезін өзгерту керек» деген сөзін қайталаймыз.

Бірақ берік білу керек, темпераменттің анасы жақсы, мынасы жаман, анадан темпераментті ірі адам, мынадай темпераментті төмен адам деуге болмайды. Адамды ірі қылатын темперамент емес, ақыл мен құлық. Ақыл мен құлық сау адам қандай темпераментті болса да тізгінінде, түзу жолға түсіп кете алады. Темпераментті тізгінінде білу үшін адамның

жақсы тәрбиеленуі керек» деп түйді. Демек, жақсы мінез қалыптастыру – тәрбиенің бұл пікірге дәрігер-психиатр да қосылады. – Адамда темперамент болады, бұл – мінез-құлық. Оның төрт түрі бар. Сол төрт түрге байланысты айналдағы оқиғаларды әр адамның қабылдауы әртүрлі. Мәселен, бір жаналықты естігенде пессимист кері тартса, оптимист қуанып қабылдайды. Баланың өсіп-даму процесінде өмірге деген көзқарасын қалыптастыру, қиындыққа төтеп беру, өмірдің құндылықтарын насихаттаумен тәрбиелесе, ол бала өсе келе кез келген жағдайдан жол таба алатын болады, – дейді маман.

Бір қызығы, баланың психологиясымен жұмыс істейтін ата-аналар санаулы. Мамандардың айтуынша, ата-аналар дабыл қағатындай өзгерістер болған жағдайда болмаса, бала бойындағы ашушаңдық, күйзеліс секілді өзгерістерге жеңіл-желпі қарайды. Ал бала ашушаңдығы өсе келе қандай жағдайға әкелетінін ойлай бермейді. Демек, бұл немқұрайлы қарайтын мәселе емес.

Гүлмира ДИЛДӘБЕКОВА

АШУШАҢ БАЛА: СЕБЕП ПЕН САЛДАР



осы қиын кезеңдерге іштей дайын болуы керек. Бала кризистік кезеңнен өткен кезде жана дағдыларға, жана қабілетке ие болып, жана қасиеттерді меңгереді. Баладағы кризистік кезеңдер 1, 3, 7, 11-13 және 17 жаста болады. Психолог қызметіне көбіне жүгінетін жас осы кризистік кезеңдегі балалар – дейді психолог Жұмағұл Баянова.

Көзқарастар қайшылығы

Әр уақыттың өз талабы бар. Бала тәрбиесі де заман ағымына қарай өзгеріп отыратынын дәлелдеудің қажеті жоқ. Мәселен, отбасы тәрбиесінде бұрынғы мен бүгінгі салыстыруға келмейді.

Мәселен, 70-80 жылдардағы тәрбие берумен бүгінгі тәрбиені салыстыруға болмайды. Психиатрдың пікірінше, баланы шектей берудің де зияны бар.

– 70-80 жылдардағы бала тәрбиесінде шектеу көп болды. Меніңше, сол шектеудің кері әсері де тиіп жатыр. Мүмкін бұл тәрбиені өзгерту керек деп ойлаймын. Әрине, бұл менің жеке пікірім. Қазір оқушылардың өмірге деген көзқарасы, ой санасы мүлдем басқаша. Сондықтан да болар шектеумен өскен буын мен қазіргі балалардың көзқарасы қарама-қайшы келеді. Сол себепті де бала тәрбиесіне жаңа методика қажет деп ойлаймын дейді, – психиатр-дәрігер Мұрат Шаумбасов.

Виртуалды әлемнің тәрбиесі

Бүгінде баланы виртуалды әлем тәрбиелеп жатыр десек, ешкім қарсы дау айта алмас. Табыс табудан қолы тимейтін ата-ананың балаға көңіл бөлетін уақыты жоқ. Дегенмен баланы бақылау қажет. Тіпті балабақша, мектепте баланы ақпаратты талғай алатын талғамын қалыптастыру қажет. Маман пікірлері де осыған саяды. Мәселен, психиатр-дәрігер мектептерде

насихаттайтын бір жоба енгізілсе деймін. Оқушы өзіне қажет мәліметті ғана таңдай алатын нәтижеге жеткізу қажет. Бала еліктегіш келеді. Интернеттегі түрлі ойын кейіпкерлеріне, мультфильм, кино, ертегі кейіпкерлеріне еліктеп, соның істегенін қайталағысы келеді. Бұл орайда бір айта кетерлігі, балаға шынайы өмір мен виртуалды әлемнің ара жігін ажыратып, зиян нәрселерді түсіндіре білу керек, – дейді психиатр-дәрігер.

Ал психолог баланы мүмкіндігінше табиғатқа жақындатудың пайдалы екенін айтады. Жылдың төрт мезгілінің әсерін сезіну, жазда құмда ойнау, күзде жеміс теру, табиғат тартуын сезіну, қыста қарда ойнау баланың эмоциясын шығарып, айналаға мейірімділігін де оятады екен. Құстардың дауысы, күзде жапырақтың түсуі секілді табиғаттың барлық құбылысын балаға сезіндіру қажет. Ал үйден шықпай, гаджетке байланған бала күйзеліске түсуге бейім. Демек, телефон алып берумен бала тәрбиесі шешімін таппайтын ата-ана түсінуі қажет.

Кімнің баласы ақылды?

Балалар психологы Жұмағұл Баянова ата-ананың өз баласын өзгемен салыстыра тәрбиелеуі ең үлкен қателік екенін айтады.

– Қарапайым мысал айтайын, қазақтың қанына сіңген «салыстыру» деген қасиет бар. Бұл жал салыстыру болғанымен баланың психологиясына кері әсер береді. Осының салдарынан балада ішкі қарама-қайшылық туады да үнемі мазасызданып жүруі мүмкін. Қарапайым мысал, дастархан басында ұлыңызға: «Қарашы, қарындасың тамағын тауысып жеп қойды», «інін немесе көршінің баласы дым жылмайды, ал сен жылап отырсың» деліңіз. Қарапайым сөздер сияқты із? Болмаса баланың: «Анашым, бүгін досым математикадан бес алды» десе, «сен неше алдың?» дейміз. Тіпті қалай салыстырып тұрғанымызды байқамай қаламыз. Ал осы салыстыру

Нәзік жүйкенің үлкен мәселесі

Көптің түсінігінде балаға әлі кішкентай деп қарау көзқарасы қалыптасқан. Мәселен, «кіп-кішкентай болып, мінезі бар» деп қоя саламыз. Ал оның себеп-салдарына үңіле бермейміз. Бала неге ашушаң? Олардың жүйкесі неге әлсіз? Бұл сұраққа жоғары санатты психиатр-дәрігер Мұрат Шаумбасов жауап берді:

– Жаңа туған баланың физикалық және психикалық денсаулығы болады. Психикалық денсаулықтың даму процесінде 1-3-6-12 жас аралығында психикалық өзгерістер болуы мүмкін. Алайда бұл өзгерісті байқау үшін арнайы мамандарға тексертіп отырған жөн. Бұл жастағы балаларда психикалық бұзылыстар пайда болғанда ашулашақтық, мінез тұрақсыздығы, сөз көтермеу секілді психикалық бұзылыстар болуы мүмкін. Олар арнайы мамандардың бақылауында болып, ем алуы керек. Ал екінші жағы – балалық кездегі психикалық жаракат деген болады. Ол әртүрлі себептерге байланысты. Даму процесінде, тәрбиесінде, қоршаған ортаға немесе өмірдің қиын жағдайына тап болған балалардың мінез-құлқында өзгерістер пайда болады. Кез келген уақытта балалардың бойынан күйзелістің белгілерін байқауға болады. Оның салдары суицид әрекетіне алып келеді. Бұл әртүрлі жағдайларға байланысты. Баланың сіркесі су көтермеуі көбіне отбасылық жағдайға, тәрбиеге байланысты. Тәрбиенің де түр-түрі бар. Демократиялық, авторитарлық, шамдан тыс қамқорлық және бала мен отбасындағы салқындық. Мұның салдары баланы ашулашақтыққа, сөз көтермеуге алып келеді.

Дағдарыс кезеңі

Психологтың айтуынша, дағдарыс кезеңінде баланың мінез-құлқында өзгерістер болады.

Басы 1-бетте

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының үздік студенттерін анықтау, марапаттау және жетілдіру бойынша «ҚР колледждерінің ТОП 100 студенті» жобасы ұйымдастырылды.



Бұл жобаға республикадағы барлық колледждің үздік студенттері қатысып, жобаның ережесіне сәйкес 3 кезең бойынша жұмыстар жүргізілді. Бұл – еліміздегі ауқымды жоба. Жыл сайын дарынды



жастарды қолдау, жұмысшы біліктіліктерін және білімі, дағдылары мен таланттарының арқасында



жетістікке жеткен үздік колледж студенттерін дәріптеу мақсатында өтеді. Жобаға қатысқан М.Маметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің студенттері үздіктер қатарына көрінді.



Олар: Дидар Өмірзақ «Өнер» бөлімінің 3 курс студенті, Ақбөпе Жақсылық «Шетел тілі» бөлімінің 3 курс студенті, Аружан Мамзада «Бастауыш білім беру» бөлімінің 2 курс студенті, Аяжан Серикова «Мектепке дейінгі



тәрбие және оқыту» бөлімінің 3 курс студенті, Гүлжан Мұстафаева «Филология» бөлімінің 4 курс студенті. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» шыққан студенттеріміз болашақта да үлкен жетістіктерге жететініне сенімдіміз.

А.АЙТЖАНОВА

СЕССИЯ

Қызылорда қалалық мәслихатының мәжіліс залында кезектен тыс жиырма алтыншы сессиясы өтті. Сессия отырысына мәслихат депутаттары, қала әкімінің орынбасарлары мен аппарат басшысы, қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы, кент және ауылдық округтердің әкімдері қатысты. Сессия отырысына мәслихат хатшысының міндетін атқарушы М.Жүсіп торағалық етті.

Қала бюджетінде өзгеріс бар

Сессияда «2022-2024 жылдарға арналған қалалық бюджетке енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар енгізу» мәселесі талқыланды. Қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Г.Баймаханова аталған мәселе бойынша хабарлама жасап, депутаттардың сауалдарына жауап берді. Сессия барысында мәслихат депутаттары тарапынан жол жөндеу, депутаттық сауалдардың орындалу сапасы, мәдениет саласының өзекті мәселелері, ойын алаңдарын салу, жеке оқу орталықтарының қызметіне қатысты және басқа да сауалдар көтеріліп, талқыланды.



– «2022-2024 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы» Қызылорда қалалық мәслихатының 2021 жылғы 22 желтоқсандағы сессиясының №94-15/1 шешіміне өзгерістер енгізуді ұсынып отырмыз. Қала бюджетінің кірісін облыстық бюджеттен бөлінген 838 221,4 мың теңге ағымдағы және даму нысаналы трансферттері есебінен көбейтіп, ҚР бюджет кодексіне сәйкес кейбір бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің кейбір бюджеттік бағдарламаларына жасалған секвестр есебінен 89926,8 мың теңгеге азайту жоспарлануда. Сондай-ақ облыстық бюджет комиссиясының шешімімен «Мемлекеттік бюджеттен берілетін бюджеттік кредиттерді өтеу» коды 1641446,5 мың теңгеге қысқартылып, бұл сома 301103 «Азаматтарға пәтерлер сату» түсетін түсімдер» кодынан азайтылды. Қызылорда қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының осы жылдың 10 айының қорытындысымен қала бюджеті кірістерін сапалы орындау мақсатында кейбір салық көздері бойынша байланысты қорытындыларды қайта қарау ұсынысы ескерілді. Қала әкімдігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №934, 21 қазандағы №1154 және 3 қарашадағы №1233 қаулыларымен республикалық және облыстық бюджеттен бөлінген 1118104,2 мың теңге ағымдағы нысаналы және 237400,3 мың теңге нысаналы даму трансферттері мен 3149066 мың теңге кредит сомасы ескерілді, – деді Г.Баймаханова.

Бөлім басшысының айтуынша, қала бюджетінің шығындары облыстық бюджеттен бөлінген 838221,4 мың теңге ағымдағы және даму нысаналы трансферттері есебінен көбейген. Сонымен қатар қала бюджетіне енгізілген түзетулер барысында республикалық және облыстық бюджеттен бөлінген 1118104,2 мың теңге ағымдағы нысаналы және 237400,3 мың теңге нысаналы даму трансферттері мен 3149066 мың теңге кредит сомасына артты. Сондай-ақ облыстан Қызылорда қаласының жылдық кіріс түсімдері болжамының орындалмауына байланысты жоғалтуларын өтеуге 800000 мың теңге беріліп, «Қызылорда автобус паркі» ЖШС-і мен ЕКҚДБ арасындағы автобустар сатып алу жөніндегі несиелік келісім шартқа сәйкес төленуі тиіс қарызын қайтару көзделуде.

Кейбір бюджеттік бағдарлама әкімшілерінен үнемделген және пайдаланылмаған 188259,8 мың теңгенің 89926,8 мың теңгесіне секвестр жасалынған. Ал қалған 98333 мың теңге қаржы қалалық кәсіпкерлік және туризм саласын дамытуға, ауылшаруашылық, жұмыспен қамту, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек, елді мекендердегі көшелерді жарықтандыруға бөлуі жоспарланады.

Ақмарал ОЛЖАБАЙ

Ақжарма ауылдық округі әкімінің сайлауын тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 14-бабының 8-1) тармақшасына және 113-1-бабының 1-тармақшасының негізінде Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ақжарма ауылдық округі әкімінің сайлауы 2022 жылғы 18 желтоқсанға тағайындалсын.
2. Ақжарма ауылдық округі әкімінің сайлауын әзірлеу және өткізу бойынша негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.
3. Осы қаулы Қызылорда қалалық сайлау комиссиясының интернет-парақшасында және «Ақмешіт апталығы» газетінде жариялансын.

Қызылорда қалалық сайлау комиссиясының төрағасы А.Ергешбаев

Қызылорда қалалық сайлау комиссиясының хатшысы К.Насибеков

18.11.2022 ж. №57/131

ХАБАРЛАМА

Қызылорда қалалық сайлау комиссиясының 2022 жылғы 18 қарашадағы № 57/131 қаулысымен бекітілген Қызылорда қаласының Ақжарма ауылдық округі әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарына сәйкес, Ақжарма ауылдық округі әкіміне кандидаттарды ұсыну 2022 жылғы 19 қарашадан бастап 2022 жылғы 2 желтоқсан жергілікті уақыт бойынша сағат 18.00-ге дейін, кандидаттарды тіркеу 2022 жылғы 19 қарашадан бастап 2022 жылғы 7 желтоқсан жергілікті уақыт бойынша сағат 18.00-ге дейін белгіленді.

Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы

ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК ШЫҚҚАНДАР

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының үздік студенттерін анықтау, марапаттау және жетілдіру бойынша «ҚР колледждерінің ТОП 100 студенті» жобасы ұйымдастырылды.

Бұл жобаға республикадағы барлық колледждің үздік студенттері қатысып, жобаның ережесіне сәйкес 3 кезең бойынша жұмыстар жүргізілді. Бұл – еліміздегі ауқымды жоба. Жыл сайын дарынды жастарды қолдау, жұмысшы біліктіліктерін және білімі, дағдылары мен таланттарының арқасында жетістікке жеткен үздік колледж студенттерін дәріптеу мақсатында өтеді. Жобаға қатысқан М.Маметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің студенттері үздіктер қатарына көрінді.

Олар: Дидар Өмірзақ «Өнер» бөлімінің 3 курс студенті, Ақбөпе Жақсылық «Шетел тілі» бөлімінің 3 курс студенті, Аружан Мамзада «Бастауыш білім беру» бөлімінің 2 курс студенті, Аяжан Серикова «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» бөлімінің 3 курс студенті, Гүлжан Мұстафаева «Филология» бөлімінің 4 курс студенті. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» шыққан студенттеріміз болашақта да үлкен жетістіктерге жететініне сенімдіміз.

А.АЙТЖАНОВА

ШЫРАҒДАН



Ал, И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінің директорының ғылыми әдістеме іс жөніндегі орынбасары Гүлсая Алдабергенова бұл заманнан қалып қоймау дүң түсінеді.

қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде – өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашады. Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайды. Көптеген дамыған мемлекеттердің мектеп қабырғасында оқушылар электронды құрылғыларды, кітаптарды еркін қолданып келеді. Бұл – жаһандандың бір көрінісі. Сол себепті алғауыт мемлекеттердің қатарына қосылып, олардың ішінде қалып кетпес үшін мектеп оқулықтарын электронды нұсқаға ауыстырған әлдеқайда тиімдірек болар еді. Қазір біз осы үрдіске көшудің алғашқы қадамдарын жасап жатырмыз деп ойлаймыз. Оқушылар қағаз кітаптармен білім алып жатқанымен жоғары сыныптың оқушылары интернеттен материалдарды іздегісі келеді, электронды кітаптарды қосымша пайдаланып келеді. Кітаптар электронды болса оқушы мектепке сөмке арқаламай келеді. Барлық тапсырма электронды болады. Қазіргі таңда оқушылар интернетті жақсы меңгерген ол болашақта қиындық тудырмайды деген ойдамын, – дейді Гүлсая Амангелдіқызы.

Жаһандандықтан мүлдем бас тартуға да болмас. Өйтсе де кітап оқымай қалу қаупі де бар екені рас. Ата-аналарды да осы мәселе алаңдатады.

– Болашақта оқулық бірте-бірте ысырылып қалмай ма? Қазіргі балалардың өзі ұялы телефонға әуес. Кітапты зорға аштырамыз. «Мектепте планшетпен оқыды» дейді. Бұл балаға зиян емес пе? Денсаулығына кері әсер етеді деп айтып жатқандар да бар. Оқулықпен оқығаны, бұрынғыдай бағаны күнделікке қойдырғаны жақсы еді, – дейді ата-ана Перизат Қарімбаева.

Жаңа бастама бірінші келесі, бірі цифрлыққа көшіруге әлі ерте дейді. Өйткені аз уақытта оқулықты планшетке ауыстыруға ауылдық жерлерде интернеттің әлсіздігі әсер етеді.

Қалай десек те заман ағымна қарай білім саласын дамытатын тұжырымдама қабылданды. Ал оның қалай жүзеге асып, тапсырмалардың уақытылы орындалуы болашақтың еншісінде. Еліміздің дамуы білімді жастардың қолында екені анық. Сондықтан олардың бәсекеге қабілетті білім алуы да міндет.

Оқушыларға планшеттерді кім таңдап, сатып алады?

Кітап планшетке алмасты делік. Оны кім таңдап, сатып алады? Жаңа құрылғының сапасына кім жауап береді? Бұл сұрақ та көптің көкейінде жүретіні анық. Өйткені бұл да алдағы уақытта үлкен мәселеге айналуы мүмкін. Сұрақтарға Цифрлық даму министрлігінің баспасөз хатшысы Ерхан Тәткен жауап берген.

Оның айтуынша, бұл мәселелер келісу сатысында. Дегенмен министрлік жеткізуші таңдау мәселесін қазақстандық байланыс операторларына беруді ұсынып отыр, олар өздерінің ішкі корпоративтік стандарттарына сәйкес бағасы мен сапасы жағынан бәсекеге қабілетті жабдық нұсқаларын таңдайды.

– Бұл сатып алу сервистік қызмет көрсету және кепілдік бойынша жауапкершілік қызмет көрсетушіге жүктелетін сервистік үлгі бойынша жүзеге асырылады деп жоспарланған. Бұл ретте құрылғының сапасы мен қауіпсіздігіне жоғары талаптар әзірленеді, бұл қызмет көрсету орталықтарына қоныраулар санын азайтады. Сондай-ақ кепілдіксіз жағдайда мектеп оқушыларының үздіксіз білім алуы үшін қысқа мерзімге ауыстыруға арналған қосымша планшеттер беру ұсынылады. Сатып алынатын планшеттер 4 жыл бойы (1-ден 4-сыныпқа дейін) пайдалануға болатындай өнімділігі жоғары болуы керек деп болжанған. Планшеттердің кепілдік берілген қызмет ету мерзімі кемінде 36 ай болады деп күтіледі, – делі ол.

Планшеттерді мектепте жиі қуаттамау үшін бұл құрылғыларда сыйымдылығы жоғары аккумуляторды пайдалану жоспарланған. Оқушыларға планшет берудің егжей-тегжейлі тетігі Оқу-ағарту министрлігімен келісілгеннен кейін анықталады.

Айта кетейік, 1 қарашада Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин Үкімет отырысында сервистік модель механизмі арқылы 2023 жылы бірінші сыныпқа баратын 400 мың қазақстандық баланы Қазақстанда жасалған планшеттермен қамтамасыз ету жоспарланып отырғанын мәлімдеген болатын.

Оқулықты планшет алмастыра ма?

Рас, мектеп бағдарламасына жыл сайын бір өзгеріс енуі. Бүгінде цифрландыруға көшу мәселесі көптің талқысына түсті. Оқулықты электронды

Басы 1-бетте

■ АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

түрге ауыстырудың пайдасы қандай болмақ? Жаһандану заманында баланың қолында ауыр сөмке емес, ноутбук немесе планшеттің болуын көптеген елдер қолдап, осы тәсілді пайдаланып отыр. Еліміздің жас өрендері де заманға сай білім алғаны дұрыс. Алайда электронды құрылғымен балалардың көп жұмыс істеуі, үнемі пайдалануы олардың денсаулығына, физиологиялық дамуына кері әсерін тигізетінін ғалымдар айтып отыр. Одан бөлек оқушылар кітап оқуды ұмытады деген пікірді айтушылар да



АУЫР СӨМКЕ, ЖЕҢІЛ ПЛАНШЕТ немесе жаңа бастама кітаптан бас тартқызбай ма?



жоқ емес. Соған қарамастан оқулықтың орнын планшет алмастыра ала ма? Бұл ұстаздар мен шәкірттерге қаншалықты тиімді? Цифрландыруға көзқарасыңыз қалай? Көптің көзқарасын білгенді жөн көрдік.

Мәселен, журналист Сауле Әбділаханқызы фейсбук әлеуметтік желісінде бұл жаңалыққа қарсы екенін жазды. Себебі бала кітап оқуды ұмытады. «Қай жағынан алып қарасаң да, бұл мүлде дұрыс емес! Күндіз-түні планшетке, телефонға үңілу баланың денсаулығына өте зиян. Осыны да баланы гаджеттен айыру қиын. Кітап оқыту қиын...» деп жазды ол.

– Цифрлық трансформациялау идеясын әлемдік тренд деуге болады. Цифрлық технологиялар көптеген елдің экономикасын дамытуда маңызды рөлге ие. XXI ғасыр – жаңа технологиялар мен ақпараттандыру ғасыры екені белгілі. Ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан-жақты дамуына ықпал ету мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін

ҚОСЫМША БІЛІМГЕ СҰРАНЫС НЕГЕ КӨП?

Бүгінде қала көшелерінен «Баланың ағылшын тілін жетік меңгергенін қаласаңыз хабарласыңыз. Бағасы келісімді. Үйге де бара аламын» деген хабарландырулар көзге түседі. Арнайы орталықтар әртүрлі пәндер бойынша жеке-жеке оқытады. Түрлі үйірмелері тағы бар. Қысқаша айтқанда, жан-жақты білім алуға мүмкіндік мол. Тек мәселе қаржыға келіп тіреледі. Яғни қалтаңыз көтерсе қосымша оқу орталықтарын таңдап жүріп, баланы оқытуға болады.

Қазіргі таңда мұндай қызметтер үлкен сұранысқа ие. Әсіресе оны оқушылар мен жұмысқа орналасқысы келгендер мен тіл меңгеруді қолға алған азаматтар тұрақты пайдаланады. Бұл орайда репетитор қызметіне жүгіну себебі әртүрлі. Мәселен, мұғалімдер сыныпта оқушылардың көптігінен десе, ата-аналар «уақыттың жоқтығынан» дейді. Осылайша жыл сайын жаңа оқу жылы басталысымен әрбір екінші оқушы мектептен тыс уақытында қосымша сабаққа барады.

Немісше «Repetitor», французша «répétiteur», «гёретёр» – қайталау, зерделі болуға ұмтылыс деген ұғымды білдіреді. Бірақ мектептен алған білімді үйде қайталау емес, баланы ақылы оқыту түсінікке дәл келеді. Бұл қызмет кеше-бүгін пайда болған жоқ. Оның тарихы ертеден басталған. XVIII ғасыр гувернанттық қызметтің нағыз өркендеген дәуірі еді. Сол уақытта еуропалық бай-манаптар балаларына гувернанттар жалдап, оқуға бейімдеген. Осыдан-ақ бұл қызметтің маңызды рөл атқаратынын ұғынуға болады. Дегенмен соңғы кезде жаңаша түрленді. Соның негізінде сұраныс көбейіп, қосымша орталықтардың қажеттілігін сезіне бастады.

Мәселен «Ziutke» оқу орталығы 2013 жылдан бері қызмет жасап келеді. Сол кездерде оқу орталықтары болмаған еді. Балалардың ҰБТ-ға дайындық жасауы үшін осындай орталықтар қажеттігі сезілді. Сондықтан да балаларға дұрыс бағдар беру мақсатында ашылды. Мұнда ағылшын, математика пәндерінен қосымша оқыту бар. Әсем Түкенова аталған оқу орталықта 9 жылдан бері жұмыс істейді. Өзінің жиган-терген білімін жас өрендерге үйретуден жылжыған емес. Ең алғаш дайындалған оқушылар ҰБТ-да жоғары көрсеткіштерге жете бастады. Соның нәтижесінде оқушыларды ҰБТ-да дайындауға және қосымша сабақ өтуге орталық ашу қажеттігін түсінеді.

– Оқу орталығында барлық пәннен қосымша сабақ өтеледі. Балалар әсіресе математика, ағылшын тілі пәнінен көп жүгінеді. Бұл – үлкен мәселе. Себебі, кішкентай балаларға бағдарламаны бірден алып кету өте қиын. Сондықтан бастауыштан бастап, олардың бейімділігін аңғару қажет. Репетитор жұмысы өте жауапты. Кез келген ата-ана баласының сабақ үлгерімін қадағалап отырады. Біз де атымызға сын келгенін қаламаймыз. Мойындауға тиістіміз, қазіргі уақытта қоғамға репетитор қызметі аса қажет болып тұр, – дейді Ziutke» оқу орталығының жетекшісі Әсем Түкенова.

Осыдан 10-15 жыл бұрын ағылшын тілі курстары саусақпен санарлықтай еді. Қазір олардың курстарының көптігі соншалық, бізге таңсық болудан қалған.

– Расымен, ақпараттық техниканың дамыған заманында тілді үйрену қиындық тудырмайды. Көп тіл білгеннің ешбір зияны жоқ. Бүгінде жас өрендердің ағылшын тілін меңгеруге деген ынтасы өте жоғары. Ата-аналары да қолдан үнемі уақытылы қадағалап жіберіп отырады. Репетитор жалдап оқыған оқушыға білімі жағынан ілгерілесушілік байқалады. Мұны жылдағы тәжірибе аңғартады. Оқушыларды деңгей-деңгей бойынша оқытамыз. Қосымша орталыққа нәтиже маңызды. Аптасына екі күн бір сағаттан сабақ өтеледі, – дейді Әсем Түкенова.

Қосымшаға құмар бала қандай?

Қазіргі таңда бұл қызметті ұсынатын орталықтар саны аз емес. Соңғы жылдары ағылшын тілін үйрену алдыңғы кезекке шықты. Осылайша орталықтар әжептәуір табысқа қол жеткізіп келеді. Бүгінде қала да ғана емес, ауылдарда да қосымша орталықтар қызмет етеді.



Жас өрендер үшін қиынға соғатын пәннің бірі – ағылшын. Ата-аналар баласының осы пәнді жетік меңгергенін қалайды. Орталықтарда мұндай қызмет ақылы екені белгілі. Ақылы болғандықтан оқушының толық үйретуге міндетті.

9 жасар Нұрсезім Шәкірбек жаңа оқу жылы басталысымен репетитор көмегіне жүгінуді жөн көрген. Ол сыныптастарынан арта қалғысы келмейді. Сондықтан отбасындағы үлкендердің қолдауымен қосымшаға қатысып, білімін толықтырып жүр. Бүгінде «Ziutke» оқу орталығының үздік оқушысының бірі.

– Менің ағылшынға қызығушылығым жоғары. Аптасына екі рет осы пәнді игеру үшін қосымша сабаққа жүгінемін. Репетитордың үйретуі мектепте оқығаннан бөлек. Үй тапсырмасын береди, жеткілікті түсіндіреді. Білмеген сабағымды жеке ұстаздан сұрап аламын. Жақсы түсіндіреді. Сыныптас достарымнан қалғым келмейді. Озық оқушы болсам деймін. Сондықтан барлық пәннен үлгерімім жақсы болғанын қалаймын, – дейді ол.

Баланы қосымшаға беру бәсеке мен қажеттіліктен туындайтыны анық. Әрбір ата-ана баласының білімді болғанын қалайды. Сондықтан қалай болса да қаражатты тауып, қажеттілігін өтеуді қалайды. Одан бөлек баласының сабағын

текеріп отыруға жұмыстан қолы тимейтін ата-ана да бар.

– «Сыныпта оқушы көп. Барлығы бірдей түсіне алмайды» дейді мектеп ұстаздары. Сондықтан ақылы қосымша оқуға шақырады. Бұл қалтаға салмақ түсіреді. Дегенмен ата-аналық міндетім болған соң қатардан қалмағанын қалаймын. Балаларым қай пәнге бейім, сол сабақтан қосымша үйренуге тырысады. Бірі – математикадан барса, екіншісі – ағылшынға жақын, – дейді ата-ана Гүлзат Жүнісбай.

Қосымша білім іздегенде неге мән беру керек?

Балаға бағыт-бағдар беретін ата-ана. Сондықтан да қосымша орталыққа беретін кезде де жіті қадағалау қажет. Ата-аналар баласының барып жүрген репетиторына, қандай тақырып өтті, қандай бағытта жұмыс жасап отыр? Осындай жайттарды назарда ұстағаны жөн. Себебі балаға үй тапсырмасын орындап беру ғана маңыз емес, балаға тақырыпты ашып, жіті түсіндіру қажет.

Ең алдымен орталық осыған дейін қандай үздік шәкірттер тәрбиелеген? Тәжірибесі қандай? Осы сұрақтарға жауап алған дұрыс. Өйткені үздік мұғалім ғана үздік шәкірт тәрбиелейді.

Смағұл Ысқақов атындағы Қызылорда құрылыс және бизнес колледжінде «Жұмыс беруші күні» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Іс-шараның негізгі мақсаты білім беру ұйымдарында кадрларды даярлау және сапасын арттыру бойынша жұмыс берушілермен тиімді іс-қимыл жасау болып табылады.

САПАЛЫ МАМАН ДАЙЫНДАУ – БАСТЫ МІНДЕТ



Дөңгелек үстел еңбек нарығында сұранысқа ие жас маманның бірінші портретін қалыптастыруға әлеуетті жұмыс берушілермен конструктивті ынтымақтастық нысандарын іздеу; жұмыс берушілердің кәсіби талаптарына сәйкес келетін бітіруші модельін құру; түлектерді жұмыс берушілер тарапынан жұмысқа орналастыруға әлеуметтік мәнін түсінуге жағдай жасау, оған тұрақты қызығушылық таныту, кәсіби қызметке дайындау тақырыптарында өрбиді.

Дөңгелек үстелге бүгінгі таңда мамандықтары бойынша қызмет атқарып жатқан колледж түлектері


«Сыр жиһазы» ЖШС мекемесінің бас маманы Махмұт Қасиет, «Халық жиһазы» ЖШС мекемесінің жұмысшы маманы Жүсіп Асылхан қатысты.

Сонымен қатар колледж үшін артықшылықтар, кәсіптік практиканы өткізуге арналған кәсіпорын базасы, инновациялық технологияларға жылдам әрекет ету және де жұмыс берушінің студенттердің білімін бағалау мәселесі де назарға алынды. Жұмыс барысында жұмыс беруші мекемемен колледж арасында алдағы уақытта кадрларды даярлау сапасын арттыру мақсаты көзделді.

ЗЕРДЕЛІНІҢ ОЙЫ ОЗЫҚ

Робототехника білім саласындағы белсенділікті арттыруда маңызды рөл атқарады. Қазіргі таңда оған ерекше назар аударылып отыр. Негізгі робот құрастыру – әр адамның ойлай білу қабілетіне байланысты. Бүгінде озық ойлы өрендеріміз көп екені

байқалады. Мәселен, қаламыздағы №3 ІТ мектеп-лицейінің 7 сынып оқушысы Дидар Көбенов робот құрастыруда оқ бойы озық келеді.



Ол асық ойнайтын робот ойлап тапқан. Осылайша асық атуды құрдасымен емес, құлтемірмен ойнауды жөн көріпті. Оқушы өз жобасы арқылы «ұлттық ойынды насихаттағым келеді» дейді. Дидардың айтуынша, роботтың жобасын сызып құрастыруға көп уақыт кетпеген. Бүгінде ол бұл жобасын алдағы ІТ жарыстарға дайындап жатыр.

– Роботтың аты – асық ату. Бұл роботтың мақсаты шеңберде тұрған асықтарды атып, шеңберден шығару. Бұл роботты

жарысқа дайындап жатырмын. Бұл жерде жолақшаның бойымен асық сырғанап келеді де асық резекенің күшімен атылады, – дейді жас өнертапқыш Дидар Көбенов.

Роботты бағдарламалау, инновациялық технологияларды одан әрі дамытуда №3 ІТ мектеп-лицейінің орны зор.

Сонымен қатар «бағдарламалау мектебі» жобасы аясында қаладағы мектептерде өзге де оқушылар өздерінің тың идеяларын іске асыруда.

Екіншіден, орталықтардың әкімшілігіне, әдістемелік кеңесіне мән берген дұрыс. Өзі мектеп көрген, мектепте үздік мұғалім болып жетістікке жеткен, әкімшілік қабілеті бар адам ғана мұғалімдердің басын қосып, жүйелі бағдарлама жасай алады.

Үшіншіден, орталықтың тәрбие бағытына да назар аудару қажет. Себебі білім мен тәрбие қатар жүрген кезде ғана бала озып шығатынын ұмытпаған жөн.

Репетитор бағыт беруші ғана

«Білімді мыңды жығайды» деген қазақ атамыз. Бүгінде адамдар жұмысбастан салынып барады. Сол себепті ата-аналардың көбі баласын өзі оқытқаннан гөрі репетиторға бергенді жөн көреді. Алайда мұның бәрін хош деуге болмас. Себебі оның кері әсері де бар. Репетитордан төлім алудың зияны жеткілікті.

Бірінші – қалтаға әжептәуір салмақ. Одан кейін баланы ата-анадан алшақтады. Үнемі үлкендердің көмегіне сүйенетін ол өз бетімен сабақ оқуды мүлдем қояды. Тапсырманы орындаған күннің өзінде күмәнмен қарайтын әдет пайда болады. Сондықтан репетитор тек бағыт беруші, игермеген тақырыпты үйретуші, оқу үлгерімінде қалып қойған баланы қатарға қосушы рөлінде қажет болғаны жөн. Шамадан тыс олардың көмегін пайдаланбаған да дұрыс. Сол үшін бауыр еті балаға бір сәт көңіл аудару қажет-ақ. Өмірде ақшаға сатып ала алмайтын жайттар да бар. Ең бастысы, ата-ана мен бала арасындағы байланыс бұзылмаған дұрыс. Ата-аналық мейіріммен баланың көңіліне тоқтыға, үйренбесіне кім келіп... Тек олардың санасына құйып, шамшырағын жаға білу керек.




Бетті дайындаған
Айтолқын
АЙТЖАНОВА



– Жаңалық болғанда да тамаша жаңалық. Тіпті тарихи жаңалық деп айтсам болады.
– Онда не тұрыс. Тарихи жаңалығыңды үйге кіріп айт.
Осылай сыртта аз-кем әңгімелескеннен соң үйге қарай бет алдық. Кірген бойда «Үйге қонақ келді. Шәйінді әзірле», – дедім әйелге. Дастархан басына жайғасқан соң – ал, не жаңалықпен келдің, айта отыр – дедім мен оған. – Үкімет халықтың несиеcін кешіретін болыпты, – деді ол екі көзі бал-бұл жайнап.
– Әзілің бе?
– Жоқ, имандай шыным.

Бірден теледидарды қостым. Барлық арнада Мыңқылдақ айтқан жаңалық. Ұялы телефонның қуаты бітіп, тоқ көзіне қосып қойғанмын. Ол сол бойы өшіріліп тұрған. Дерек телефонымды қостым. Сол-ақ екен уатсап арқылы 1040 хабарлама келді. Шик-шиқ еткен телефонның дауысынан үсті-үстіне хабарлама келіп жатқанын аңғарасын. Бәрі «Үкімет халықтың несиеcін кешіріпті» деген жаңалықты таратып, бір-бірінен сүйінші сұрауда. «Айттым ғой несие кешірілді деп. Бітті енді халықта қарыз жоқ. Тұрғындар ешбір банкке кіріптар емес», – деді Мыңқылдақ. Осы арадан әңгімеге әйелім Сұңқылдақ араласып, фейсбук пен инстаграмда да «несие кешіріледі» деген жаңалық қаптап кеткенін әрі бұл жаңалықтың шыққанына 10-15 минут қана болса да жұрттың бәрі билікке рақмет айтып жатқанын жеткізді.

Халық қалауы



– Қайдан естідің?
– Жаңа ғана теледидардан Президент үндеу жасап, осылай деді.
– Дұрыс естідің бе, айтеуір?
– Мына екі құлағыммен естідім.
– Мына жаңалығың рас болса жақсы болды ғой, – дедім мен қуанып. Қуанбай қайтейін. Алған айлығымыз несиеден артылмайды. Бір айдан екінші айға дейін арып-ашып, әрең жетеміз.

– Дұрыс болды, – дедім мен дауысым қаттырақ шығып айғайлап. Халықтың қалауы осы ғой, – дедім және. Дауысым қаттырақ шығып кетсе керек, жатқан орнымнан тұрып кеттім. Сөйтсем түсім екен, түсім. Әлі ештеңе төселмеген еденге жатырмын. Көршім де келмеген, халықтың несиеcі де кешірілмеген.
...Әттең, әттең, бұл түс емес өң болғанда ғой. Халықтың қалауы осы еді ғой, осы.

Кешкісін үйде жатқанмын. Әдетте жұмыстан келген соң 10-15 минут еденге ештеңе төсетпей шалқалман жататын әдетім бар. Күні бойы компьютердің алдында отырғасын денеміз құрысып, шекеміз тырысып қалады. Оның үстіне сырт көзге байқатпайтын мінездің де үйге келген соң шығатынын қайтерсің. Есікті ашар-ашпастан әйелге «тезірек тамағыңды дайында, қарным ашып келді» дейміз де, өзіміз жатын бөлмеге ытқимыз. Жұмыс киімі ауыстырудың өзі бір ойбай. «Анау қайда, мынау қайда?», «Қойған зат неге орында тұрмайды?», «Танертен үйге киетін нәскиді осында қойып едім» деп өзің таппағанның бәрін әйелден сұрайсың. Сөйтпін жүріп киім ауыстырып, жуынып, еденге жатып бойдың құрысқаны мен шекенің тырысқанын жазасың.

Бүгін олай болмады. Еденге жатқан бойда аулаға кірер қақпа қағылды. Қағылғанда да жәй қағылған жоқ. Тарс-тұрс етіп ұрып жатыр. Қазір қала тұрмақ ауылдың өзінде сыртқы есікті бекітіп, айналаны түгел қоршап тастаған. Ал қаланың қас қасында тұратын біз одан бетер ішке қарай тышқан өтпейтіндей етіп бекіткенбіз. Сонда да сыртта тұрған адам қақпаны қағуын қоймады. Бейне бақылау камерасынан қарасам, теріс қарап тұр, бәтшағар. «Өзім шаршап келгенде бұл кім болды екен-ей?» деп қақпаны аштым. Сөйтсем көршім Мыңқылдақ екен. – Әй, Ыңқылдақ, – деді маған екпіндей сөйлеп. – Жаңалықты естідің бе? Әй, сен естімеген шығарсың... Арнайылап келіп айтайын десем, қақпанды ашпайсың, – деді ол бастырмалата.

– Әй, Мыңқылдақ, аманбысың...
– Аманмын.
– Екі кештің ортасында жүргеніңе қарағанда жәй жаңалық болмады ғой.

Бір той өтті у-шу боп

Кіку-кіку,
Той басталды у-шу боп.
Мағыналы сөтінен,
Ду-ду күлкі, у-шу көп.

Ұл-қыз үшін аяндай,
Барын шашқан дәулеттің.
Той бастайды ақсақал,
Үлкені боп әулеттің.

Содан соң қызық басталар,
Түрлі ой бар баста әр.
Тағдыр қосып қыз-жігіт,
Жәудірейді жас жанар.

Андығаны арақ боп,
Аға жүрер қымбатты.
Ал, інінің ойында,
Құдаша тұр сымбатты.

Мас болады ағасы,
Тындамайды жеңгейді.
Келсе де әке-анасы,
Бағынбайды, көнбейді.
Жыртылғанша жағасы,
Жағаласар әркіммен.
Мас болған соң әл құрып,
Жейді таяқ әркімнен.

Бір қонақтың ойында,
Қатыны тұр біреудің.
Бірге болып жиында,
Танысып еді әнеуекің.

Бойжеткен де бұрандап,
Шыға келді сыландап.
Неше түрлі шаш үлгі,
Беттерін қалың бояп ап.

Шаршамайтын кікудан,
Асаба да мээ-мейрам.
Той емес шоу етем деп,
Өнерді салды бар жиган.

Кей қонағың мінеп тұр,
Мінезі көкті тіреп тұр.
Бір қонағың сынап тұр,
Той біткен де сынақ бір.

Кімге мін артайын,
Кімге кінә тағайын.
Көп тойымыз осылай,
Өтіп жатыр, ағайын...
Жөндемесек болмайды,
Жөндемесек ол – қайғы.



Отырып ап жайлана,
Айтайын мен жәй ғана.
Тасбөгетте күн жауса,
Көше кетер лайлана.
Білемісін, Сыздықов?

Асфальт біткен, оу-құрғыр,
Боп кеткен бе бор кетік?
Көше біткен ой-шұңқыр,
Ойдым-ойдым ор тесік.
Білемісін, Сыздықов?

Көп көшеге жаңадан,
Бағаналар орнатты.
Қуанып-еді бар халық,
Жалғанбай үйге ол қапты.
Білемісін, Сыздықов?

Емхана тұр жүдеу боп,
Жағдайы жоқ оның да.
Жаңасы қашан салынар...
Жобасы бар ма қолыңда?
Айтшы, әкім – Сыздықов!

Әр ісінді жоспарлы,
Кеңестің бе халықпен?
Үміт артар жастарды,
Жұмыспенен қамтып па-ең?
Айтшы, әкім – Сыздықов!

Тасбөгеттің төрінде,
Қанша кәсіп ашылды?
Мына айтқанның бәрине,
Қатырдың ба басыңды?
Айтшы, әкім – Сыздықов!

Қыс та қалды жақындап,
Көңіл де шіркін, жақ емес.
Баяу да болса ақырындап,
Атқарған ісің аз емес.
Бітпеген жұмыс көбірек,
Соған көңіл мээ емес.

«Қуакынь» әзірлеген
Әзиз ЖҰМАДІЛДӘУЛЫ
Суреттер ашық дереккөзден алынды

Бүгінгінің бір сөзі

Көптің арманы – байлық,
Бүгінгінің бір сөзі – айлық.

Бұрынғылар он үшінде басын
дейтін,
Бүгінгілер отызында жасын
дейді.

Жолы болмағандар заманды
кіналайды,
Әлеуметтік желіде көпті
табалайды.

Қазақ тілін білмегендер министр
боп жатса,
Жұртқа оны үйрен деп қалай
айтасың?..

Біреу айлығым көбейсе дейді,
Біреу қызметім өссе дейді.

Халықтың арманы – несиең
жабылғаны,
Жабатын жанның табылғаны.

Бұл сөзді ұғына бермес «бай
елдер»,
Зейнет жасы түссе дейді әйелдер.

Танысына көңілі толмаған,
Табысына сенім артады.

Бұрын ержеткеннің түсіне
бойжеткен кіретін,
Қазір кейбір ержеткеннің түсіне
ержеткен кіреді.

Басың атын болса да,
Тіреуі жоқ ары тұр.
Басың қауақ болса да,
Тіреуің мықты бері тұр.

Ұлым – ұлтымның ұстыны,
Қызым – келешек кепілі.

Бай ақшасын банкке тықпайды,
Үйінде «банкте» ұстайды.

Қызметте өскің келсе,
Қрышаң болсын,
Жұртты бақылағың келсе,
Қрысаң болсын.



2014 ЖЫЛҒЫ ҚЫЛМЫС

2014 жылы 17 шілдеде «Boeing 777» ұшағы Донецк облысында апатқа ұшырады. Ұшақ апаты Украина мен Ресей қолдаған Донецк пен Луганск халық республикаларының қарулы қақтығыс аймағында болған еді. «Malaysia Airlines Boeing 777-200ER» ұшағы Амстердам – Куала-Лумпур бағыты бойынша «МН17» жоспарлы рейсін орындауы керек болған. Бірақ әуеге көтерілгеннен кейін шамамен 2 сағат 49 минуттан кейін зениттік-зымырандық жүйеден атылған «9М38» сериялы зымыранның жарылды.



Жарылыстан борттағы 298 адамның барлығы, 283 жолаушы мен 15 экипаж мүшесі қаза тапты. «МН17» рейсінің апаты авиация тарихындағы ең ірі әуе апаттарының бірі болып саналады. Тергеуді жүргізу өкілеттігі Украина билігі Нидерландияның «Кауңсіздік кеңесі» мен халықаралық «Біріккен тергеу тобына» тапсырды. Бейсенбі күні Нидерланд соты екі ресейлік пен бір украиндық сепаратісті 2014 жылы Украинаның шығысындағы Малайзия әуе компаниясының 17-ші рейсін жарып, жаппай адам шығынына кінәлі деп таныды. Бұл туралы CNN арнасына Софи Тано «Голландия соты екі ресейлік пен бір украиндық сепаратісті МН17 ұшағын құлатқаны үшін кінәлі деп тапты» деген тақырыпта мақала жазды.

«Ресей Федералдық қауңсіздік қызметінің (ФСБ) бұрынғы полковнигі Игорь Гиркин, Ресейдің ГРУ әскери барлау агенттігінде қызмет еткен Сергей Дубинский мен әскери тәжірибесі болмаса да 2014 жылдың шілдесінде Донецктегі бөлімшені басқарған украин сепаратісті Леонид Харченко сотталды. Үшеуі де өмір бойына бас бостандығынан айырылды, бірақ үкім сырттай шығарылғандықтан, олардың жазасын өтеуі екіталай», – деп жазылған мақалада.

Төртінші күдікті Ресей азаматы, ресейлік «Спецназ ГРУ» арнайы күштерінің бұрынғы сарбазы Олег Пулагов жазықсыз деп танылды. Үкім бейсенбіде Нидерландиядағы Схипхол әуежайының жанындағы күзетілген сот залында оқылды.

Жалпы 2014 жылы 17 шілдеде Амстердамнан Куала-Лумпурға бағыт алған «МН17» ұшағы Украинаның шығысындағы ресейлік көтерілісшілер басып алған аумақта зымыранның атылды. Оқиға салдарынан борттағы барлық 298 адам, оның ішінде 15 экипаж мүшесі мен 17 елден келген 283 жолаушы қаза тапты.

Халықаралық тергеушілер ұшақты сол кезде ресейлік көтерілісшілер қолында болған Украинаның шығысындағы ауылдан атқан ресейлік «Бук» зымыранмен атып түсіргенін айтты. Прокурорлар зымыран тасығыш Ресейдің 53-ші зениттік-зымырандық бригадасына тиесілі екенін және соққидан кейін Ресей аумағына қайтарылғанын айтты. Мәскеу бұл оқиға үшін жауапкершіліктен бірнеше рет бас тартты.

Нидерланд сотының екі жылға созылған сот талқылауынан кейінгі үкімі 2014 жылғы оқиғаға қатысты алғашқы тәуелсіз шешім болды. Күдіктілер Нидерландының Бадхоевдорп қаласындағы Схипхол сот кешенінде өткен сот процесіне қатысудан бас тартқан.

Үкімі шығарған төраға сот Хендрик Стинхуис сот «МН17» ұшағын атып түсірген ресейлік «Бук» зымыраны Первомайский ауылы маңындағы ауылшаруашылығы алқабынан атылғанын, сол кезде Ресей сепаратістері бақылауда ұстағанын айтты.

Сот «Бук» зымыранын кім атқанын анықтауға дәлел жеткіліксіз екенін және ұшақ апатын ұйымдастырғандар жолаушылар ұшағын емес, әскери ұшақты атқылауды жоспарлаған болуы мүмкін деген қорытындыға келді. Бірақ сот ұшақты жару операциясы әдейі жасалған әрекет екенін және мақсаты ұшақ бортында ешкім аман қалмауын жоспарлағанын айтты.

Сондай-ақ сот айып тағылушылар сол кездегі соғыстың ресми әскери болмағандықтан оларға әскери немесе қарапайым азаматтардың ешбір әуе кемесіне соққы жасауға рұқсат етілмейді деп шешті. Хендрик Стинхуис сот шешімін қолдайтын бірқатар дәлел келтіріп, оқиғаның болуы мүмкін өзге желісін жоққа шығарды.

Сотта қаралған дәлелдер арасында ұшақтан табылған «Бук» зымыранының фрагменттері мен кейбір құрбандардың мәйіті, сондай-ақ «Бук» жүйесінің Ресейден Украинаның шығысына өтіп, ұшақ апатынан кейін Ресей аумағына қайта оралғанын көрінетін фото-видео болды.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған
Аслан НУРАЗҒАЛИ

Меншік несі:



жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлмелер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдан 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарарымен сәйкес келе бермейді, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескерілді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 10-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3737 Тапсырыс №1957

Нөмірдің кезекші редакторы Айтқолын АЙТЖАНОВА